

Әуликөл ауданының аумағында сібір жарасы көмілген жерлерді санитарлық қорғау аймақтарын белгілеу туралы

Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 10 қыркүйектегі № 135 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 11 қаңтардағы № ҚР ДСМ-2 "Адамның өмір сүру ортасы мен денсаулығына әсер ету объектілері болып табылатын объектілердің санитариялық-қорғаныш аймақтарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес Әуликөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес бірінші қауіптілік сыныбымен айқындалған Әуликөл ауданының аумағындағы сібір жарасы көмілген жерлерге санитарлық қорғау аймақтарының радиустары 1000 метрде белгіленсін.

2. "Әуликөл ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдерінде электрондық түрдегі "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Әуликөл ауданы әкімдігінің интернет – ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Әуликөл ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әуликөл ауданының әкімі

Ж. Таукенов

Әуликөл ауданы әкімдігінің
2025 жылғы 10 қыркүйектегі
№ 135 қаулысына
қосымша

Сібір жарасы жерленген жерлердің орналасқан жері

--	--	--	--

№	Орналасқан жері	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Ауданы (га)
1	Қостанай облысы, Әулікөл ауданы, Әулікөл ауылы (орталық бөлігі)	12-188-003-2284	0,0100
2	Қостанай облысы, Әулікөл ауданы, Әулікөл ауылы (батыс бөлігі)	12-188-005-1075	0,0100
3	Қостанай облысы, Әулікөл ауданы, Аманқарағай ауылдық округі, Аманқарағай ауылы	12-188-010-1390	0,0100
4	Қостанай облысы, Әулікөл ауданы, Сұлукөл ауылдық округі	12-188-042-082	0,0425
5	Қостанай облысы, Әулікөл ауданы, Москалев ауылдық округі	12-188-026-038	0,0100
6	Қостанай облысы, Әулікөл ауданы, Тимофеев ауылы (елді мекеннің шегінен тыс)	12-188-028-069	0,0100
7	Қостанай облысы, Әулікөл ауданы, Диев ауылдық округі	12-188-039-147	0,0100
8	Қостанай облысы, Әулікөл ауданы, Қосағал ауылы	12-188-035-478	0,0100
9	Қостанай облысы, Әулікөл ауданы, Чернигов ауылдық округі, Чернигов ауылы	12-188-031-615	0,0100
10	Қостанай облысы, Әулікөл ауданы, Құсмұрын кенті (орталық бөлігі)	12-188-013-651	0,0100
11	Қостанай облысы, Әулікөл ауданы, Қазанбасы ауылдық округі, Октябрь ауылы	12-188-019-1386	0,0100